32-жаттығу. Превратите следующие предложения в вопросительные с помощью вопросительных частиц.

1. Дүкен ашық. 2. Дүкенде сүт бар. 3. Дүкен алыс. 4. Ол қазақша біледі. 5. Ол қазақша түсінеді. 6. Ећлік жатақханада тұрады. 7. Тайман бірінші курста оқиды. 8. Маржан мектепті биыл бітіреді. 9. Мына кісі саған таныс. 10. Дүкен жақын. 11. Жиналыс басталды. 12. Сабақ аяқталды. 13. Ательеде шалбар тігеді. 14. Дүкенде ұн сатады. 15. Сәрсен заводта істейді. 16. Әсет жұмыстан келді. 17. Сен қазақша түсінесің. 18. Сіз қазақша сөйлейсіз. 19. Дүкен жабық.

СӨЗДІК

алыс — далекий, далеко
жақын — близкий, близко
біледі — знает
түсінеді — понимает

ашық — открытый, открыто
жабық — закрытый, закрыто
биыл — в этом году
шалбар — брюки

33-жаттығу. Прочитайте и переведите на русский язык. Обратите внимание на утвердительные и отрицательные ответы на вопросы

I

Бөлме кең бе? — Иә, бөлме кең.

Дүкенде айран, сүт бар ма? — Иә, дүкенде айран, сүт бар.

Сендерде тұз бар ма? — Иә, бар.

Сағат сегіз бе? — Иә, сағат сегіз.

Үйде қант аз ба? — Иә, үйде қант аз.

Саған сүт керек пе? — Иә, маған сүт керек.

Сенің әкең жұмысшы (агроном, ұшқыш, құрылысшы) ма?

— Иә, менің әкем жұмысшы (агроном, ...)

Сенің шешең тігінші (мұғалім, дәрігер, сауыншы) ма? — Иә, менің шешем тігінші (мұғалім, ...)

Сенде сіріңке бар ма? — Иә, менде сіріңке бар.

Мынау сары май ма? — Иә, бұл сары май.

Староста сен бе? — Иә, староста мен.

II

Бөлме кең бе? — Жоқ, бөлме кең емес.

Бөлме қандай? — Бөлме тар.

Мынау сүт пе? — Жоқ, бұл сүт емес.

Бұл не? — Бұл — айран.

Староста сен бе? — Жоқ, староста мен емес.

Староста кім?— Староста — Лена.

Мынау қаймақ па? — Жоқ, бұл қаймақ емес.

Бұл не? — Бұл сүт.

Үйде нан бар ма? — Жоқ, үйде нан жоқ.

Тұз бар ма? — Жоқ, тұз жоқ.

Қағаз бар ма? — Жоқ, қағаз жоқ.

Сіріңке бар ма? — Жоқ, сіріңке жоқ.

СӨЗДІК

иә — да
сіріңке — спички
қант — сахар
ұшқыш — летчик
сауыншы — доярка
кең — широкий
сары май — сливочное масло
құрылысшы — строитель
керек — нужен
қаймақ — сливки

§6. КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ
(окончания множественного числа)

Таблица окончаний множественного числа

Конечный звук основы	Последний слог основы	Окончания мн. числа
Гласный или сонорные **р, й, у**	Твердый Мягкий	-лар -лер
Звонкие з, ж или сонорные **л, м, н, ң**	Твердый Мягкий	-дар -дер
Глухой согласный или звонкие **б, в, г, д**	Твердый Мягкий	-тар -тер

34-жаттығу. Допишите окончания множественного числа в следующих словах.

Жұмысшы..., құс..., аң..., үй..., қоян..., көл..., өзен..., ту..., қыз..., қызметкер..., еңбекші..., студент..., машина..., завод..., мекеме..., өндіріс..., шығын..., табыс..., шаруашылық..., кәсіпорын..., қор..., тұтынушы..., жол..., киім..., көше..., Сіз..., сен..., заң..., адам..., жұлдыз..., дос..., көйлек..., клуб..., Петров..., қайық..., жол..., завод..., тағам..., қағаз...

СӨЗДІК

тағам — пища
қайық — лодка
мекеме — учреждение
шығын — расход
табыс — доход, успех
құс — птица
қор — фонд
заң — закон
аң — зверь
қоян — заяц
көл — озеро
тұтынушы — потребитель
шаруашылық — хозяйство
кәсіпорын — предприятие
ел — страна
жұлдыз — звезда
жол — дорога
өндіріс — производство

Прочитайте и запомните:

Кім — кто?	— кімдер? — кто? (мн. число)
Не? — что?	— нелер? — что? (мн. число)
мен — я	— біз (біздер) — мы
ол — он, она, оно	— олар — они
сағат — часы	— сағаттар
қайшы — ножницы	— қайшылар
көзілдірік — очки	— көзілдіріктер
шалбар — брюки	— шалбарлар
бір дәптер	— одна тетрадь
екі дәптер	— две тетради
он дәптер	— десять тетрадей
жүз дәптер	— сто тетрадей

35-жаттығу. Вместо многоточия поставьте окончания множественного числа и переведите на русский язык.

Асханада стол... мен орындық... тұр. Стол...дың үстінде пышақ..., шанышқы..., қасық..., жатыр. Ыбырай Алтынсарин бала...ға арнап әңгіме..., өлең... жазды. Студент... жазда совхозда болды. Бүгін дүкен... жабық. Бүгін — мейрам. Қала салтанатты безендірілген. Портрет..., ұран... және плакат... ілулі тұр.

СӨЗДІК

асхана — кухня
орындық — стул
пышақ — нож
қасық — ложка
шанышқы — вилка
әңгіме — рассказ
өлең — стихи
бүгін — сегодня
столдың үстінде — на столе
балаларға арнап — для детей
мейрам — праздник
салтанатты — торжественно
ілулі тұр — висят
ұран — призыв
безендірілген — украшен

36-жаттығу. Переведите предложения на казахский язык и запишите их.

На столе лежат книги. Ученики сидят за партами. Пионеры отдохнули в лагере. Птицы улетели. Ивановы живут на четвертом этаже. На диване сидят три человека. Я купил четыре книги и восемь тетрадей. Наступила осень. Листья пожелтели. Колхозники убрали урожай. Студенты работали в совхозе.

СӨЗДІК

отдохнули — дем алды
птица — құс
улетели — ұшып кетті
убрали — жинады
строили — салды
урожай — астық
приехали — келді
восемь — сегіз
лист — жапырақ
пожелтели — сарғайды

§7. ІЛІК СЕПТІК

(родительный падеж)

Таблица склонения в ілік септік

Конечный звук основы	Последний слог основы	Окончания
Гласный или сонорные м, н, ң	Твердый Мягкий	-ның -нің
Звонкие согласные з, ж или сонорные р, й, л, у	Твердый Мягкий	-дың -дің
Глухой согласный или звонкие б, в, г, д	Твердый Мягкий	-тың -тің

37-жаттығу. Просклоняйте следующие слова **в ілік** септік.

Жазушы (писатель), факультет, өндіріс, мекеме, еңбекшілер, халықтар (народы), Сергеев, Әуезов, Жансүгіров, Мұқанов, Қарағанды, өнеркәсіп, (еңбек) озаттары, (соғыс) ардагерлері, ағаштар, көшелер, адам, заң, Айман, Әлия, завод, клуб, цирк, дүкен, аудитория, жатақхана (общежитие), біз, Сіз, Сіздер, сендер, олар, кім...?, не...?, кімдер...?, нелер...?

Запомните: мен — менің, сен — сенің, ол — оның.

Тапсырма. Прочитайте и запомните.

Единственное число

Мен (я) — менің (мой, моя, мое).
Сен (ты) — сенің (твой, твоя, твое).
Сіз (Вы) — Сіздің (Ваш, Ваша, Ваше).
Ол (он, она, оно) — оның (его, ее).

Множественное число

Біз (мы) — біздің (наш, наша, наше).
Біздер (мы) — біздердің (наши).
Сендер (вы) — сендердің (ваши, ваша, ваше).
Сіздер (Вы) — Сіздердің (Ваш, Ваша, Ваше).
Олар (они) — олардың (их).

§8. ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЛАРЫ

(окончания притяжательной формы)

Таблица окончаний притяжательной формы

Конечный звук основы	Лицо	Притяжательные окончания	
		Индивидуальная форма	Коллективная форма
Гласный	I	-м	-мыз (-міз)
	II	-ң -ныз (-ңіз)	-ың (-ің) -ыңыз (-іңіз)
	III	-сы (-сі)	-сы (-сі)
Согласный	I	-ым (-ім)	-ымыз (-іміз)
	II	-ың (-ің) -ыңыз (-іңіз)	-ың (ің) -ыңыз (-іңіз)
	III	-ы (-і)	-ы (-і)

В отличие от русского языка в казахском языке имеется особый вид окончаний, выражающих принадлежность предметов к первому, второму или третьему лицу — обладателю. Подобный вид окончаний называется окончаниями притяжательной формы, являющейся одной из специфических особенностей казахского языка.

Слова, обозначающие название обладателя предметов, ставятся в ілік септік (родительный падеж) и всегда выступают в качестве определения. Например: Алтайдың қаламы — ручка Алтая.

38-жаттығу. Вместо многоточия вставьте слова из правого столбца в соответствующей притяжательной форме.

Единственное число

I. Менің...
II. Сенің...
III. Оның...

а). Конечный звук основы — гласный:
аға, көше, пальто, бөлме, әже, іні, әке, көрші, түйме.

Множественное число

I. Біздің...
II. Сендердің...
Сіздердің...
III. Олардың...

б). Конечный звук основы — согласный:
пәтер, дос, тіс, сағат, сөз, тіл, қалам, дәптер, қағаз.

39-жаттығу. Вместо многоточия поставьте окончания притяжательной формы и переведите на русский язык.

I

Қайық станция... . Би алаң... . «Шахтер» стадион... Мәдениет және демалыс парк... . Балалар темір жол... Менің дос... . «Родина» кинотеатр... . Нұра өзен... Қарағанды облыс... . Менің дос... . Сенің сумка... . Менің әке... . Қалмаханның іні... . Әлияның сіңлі... . Группаның староста... . Сенің сағат... . Факультеттің декан... . Сендердің бөлмелер... . Сіздің лекция... . Группаның куратор... Оның қалам... . Университеттің ректор... . Сіздің пальто...

II

Оның аға... — агроном. Сіздің әке... мұғалім бе? ТАСС — тың информация... . Мынау сенің дәптер... ба? Бұл Нұргүлдің кереует... ме? Сенің үй... алыс (далеко) па? Оның бөлме... таза ма? Қазақтың тұңғыш (первый) ғалым..., ағартушы..., саяхатшы... . Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов болды. Ыбырай Алтынсарин — қазақ

халқының ұлы педагог-ағартушы... . Жамбыл — қазақ халқының ұлы ақын... . Жамбылдың өлеңдер... өте көп. Жамбыл қала... бұрын Тараз деп аталған. Алматыда 42 ұлттың өкіл... тұрады. Қазақстанның табиғат... әр түрлі: мұнда тау да, өзен де, шөл де бар.

СӨЗДІК

қайық — лодка	тұңғыш — первый
би — танец	ағартушы — просветитель
алаң — площадка	саяхатшы — путешественник
темір жол — железная дорога	ұлы — Великий
мәдениет — культура	өлең — стихи
демалыс — отдых	өте — очень
таза — чистый	бұрын — раньше
көп — много	аталған — назван (был)
өкіл — представитель	табиғат — природа
әр түрлі — разнообразный	шөл — пустыня

40-жаттығу. Переведите на казахский язык

1. Мой дом. 2. Его комната. 3. Наш стол. 4. Мои товарищи. 5. Ее тетради. 6. Моя сестра (старшая). 7. Ее сестра (младшая). 8. Наш город. 9. Наше учреждение. 10. Ваша комната. 11. Наша домбра. 12. Его брат (старший). 13. Мой брат (младший). 14. Моя кровать. 15. Наша квартира теплая и светлая. 16. Сауле — комсорг группы.

II

1. Мой друг учится в университете. 2. Его отец работает на заводе. 3. Ваш старший брат работает в совхозе? 4. Твоя комната теплая? 5. Мой младший брат учится в школе. 6. Твой младший брат учится в школе? 7. Твой отец работает на заводе? 8. Ваша комната теплая? 9. Его младший брат учится в школе? 10. Его фамилия — Сидоров. 11. Как Ваша фамилия? 12. Как Ваше имя? 13. Моя фамилия — Петров. 14. Мое имя — Александр. 15. Света, твоя младшая сестра учится в девятом классе? 16. Володя, в каком классе учится твоя младшая сестра? 17. Его мать работает на фабрике. 18. Где работает твоя мать? 19. Моя мама говорит по-казахски. 20. Моя бабушка понимает по-казах-

ски. 21. Твоя бабушка понимает по-казахски? 22. Твой младший брат пишет письмо?

СӨЗДІК

понимает — түсінеді
учится — оқиды
имя — ат
где? — қайда?
говорит — сөйлейді
друг — дос
пишет — жазады
в каком...? — нешінші...?
учреждение — мекеме
светлый — жарық
теплый — жылы

41-жаттығу. Переведите на русский язык следующие словосочетания. При переводе обратите внимание на порядок слов.

Қарағанды қаласы. Қарағанды университеті. Кавказ таулары. Жамбыл облысы. Жамбыл қаласы. Абай қаласы. Абай көшесі. Балқаш көлі. Қарқаралы қаласы. Қарқаралы ауданы. Нұра өзені. Нұра ауданы.

§9. КЕЙІНДІ ЫҚПАЛ

(регрессивная ассимиляция)

Конечный звук основы	Начальный звук окончания	В результате происходит озвончение глухих	Примеры
Қ		Ғ	аяқ+ы=аяғы, тарақ+ы=тарағы, тамақ+ы=тамағы
К	+ Ы или І=	Г	еңбек+і=еңбегі, көйлек+і=көйлегі, тілек+і=тілегі
П		Б	кітап+ы=кітабы, тәртіп+і=тәртібі

42-жаттығу. Вместо многоточия поставьте окончания притяжательной формы. Обратите внимание на озвончение глухих согласных **қ, к, п** в конце основы.

Сенің сұрақ... . Күннің ыстық... . Ағаштың бұтақ... Көмір өнеркәсіп... . Студенттің тәртіп... . Сенің жүрек...

Оның қасық... . Түлкінің құйрық... . Оның тұмақ... . Студенттердің көп... . Біздің мектеп... . Аудиторияның есік... . Совет Одақ... . Сіздің қонақ... . үмірдің талап... . Шамның жарық... . Директордың бұйрық... . Біздің тілек... . Оның мүмкіндік... , үзеннің балық... , Оның көмек... , Сенің көйлек... .

СӨЗДІК

жарық — свет	талап — требование
сұрақ — вопрос	құйрық — хвост
ыстық — жар	жүрек — сердце
бұтақ — ветка	көп — много
тәртіп — дисциплина	Одақ — Союз
бұйрық — приказ	мүмкіндік — возможность
тілек — желание	балық — рыба
доп — мяч	өмір — жизнь
көмек — помощь	шам — лампа

1-тапсырма. Вставьте вместо точек соответствующие окончания притяжательной формы (устно).

менің сенің оның	іні... қарындас... сіңлі... аға дос... құрбы... апа... жолдас...	университетте институтта училищеде мектепте Алматыда Москвада Ленинградта	оқиды (учится)

2-тапсырма. К каждому слову левого столбца подберите нужное определяемое слово из первого столбца и запишите по образцу: Менің қарындашым. Абай көшесі.

Менің	кабинеті
Баланың	ағаң
Деканның	бөлмеміз
Абай	әке-шешесі
Сиырдың	көшелері

Үйдің	директоры
Сарань	әкесі
Нұра	сүті
Сенің	ауданы
Сіздің	өзені
Біздің	көшесі
Мектептің	қарындашым
Қаланың	қаласы
Қарқаралы	жолдасыңыз
Гүлмираның	терезесі

43-жаттығу. Вставьте вместо точек соответствующие окончания ілік септік и притяжательной формы.

1. Мен... пальто... . 2. Шолпан... сырға... .3. Мекеме (учреждение)... басшы... . 4. Біржан... көйлек... . 5. Айман... тарақ... . 6. Әлия... сақина... . 7. Қарағанды... көмір... . 8. Ағаш... бұтақ... . 9. Дүкен... терезе... . 10. Бөлме... есік... . 11. Кітап... мазмұн (содержание)... . 12. Алматы... алма... . 13. Дәрігер... кеңес (совет)... . 14. Студент... жауап... . 15. Оқушы... сұрақ (вопрос)... . 16. Сіз... ат (имя)... кім? 17. Мен... ат... Володя. 18. Сіз... фамилия... кім? 19. Мен... фамилия... Петров. 20. Сен... жас (лет)... нешеде? 21. Мен... жас... жиырмада. 22. Завод... директор... 23. Жазушы... роман... . 24. Завод... цех... . 25. Олжас... қалам... .

3-тапсырма. Прочитайте и переведите на русский язык. Выпишите слова в родительном падеже и притяжательной форме, отделите окончания черточкой.

БІЗДІҢ СЕМЬЯ

Біздің семья онша үлкен емес. Семьяда бес адам бар. Олар: мен, әкем, шешем, інім, қарындасым (сіңлім). Менің әкем 52 жаста. Оның есімі (аты)— Батырбек. Менің әкем заводта істейді. Ол — токарь. Менің әкем — өндіріс озаты. Менің шешемнің есімі — Айша. Ол 48 жаста. Менің шешем мектепте істейді. Ол — мұғалім. Ол орыс тілінен сабақ береді. Ол — үлгілі ұстаз. Менің бір інім бар. Оның аты — Алтай. Ол қазір он екі жаста. Ол бесінші класта оқиды. Алтай-оқу озаты. Менің қарындасымның (сіңлімнің) аты — Мәдина. Ол бес жаста. Мәдина балалар бақшасына барып жүр. Менің атым — Айдар. Мен университетте оқимын.

СӨЗДІКв

онша — не очень	48 жаста — 48 лет
сабақ береді — преподает	үлгілі — примерный
есім (ат) — имя	қазір — сейчас
оқу озаты — отличник учебы	балалар бақшасы — детский сад
оқиды — учится	барып жүр — ходит
оқимын — учусь	орыс тілінен — по русскому языку
үлкен — большой	озат — передовик

44-жаттығу. Переведите на казахский язык.

1. Алма-Ата — столица нашей республики. 2. Руководитель учреждения. 3. Декан нашего факультета. 4. Центр города. 5. Содержание его письма. 6. Директор нашего совхоза. 7. Улица Джамбула. 8. Уголь Караганды. 9. Победитель соцсоревнования. 10. Передовики производства. 11. Решение собрания. 12. Роман писателя. 13. Вопрос ученика. 14. Ответ учителя. 15. Ручка Алтая. 16. Детство Султанмахмута. 17. Знания студентов.

СӨЗДІК

столица — астана	знание — білім
письмо — хат	писатель — жазушы
победитель — жеңімпаз	производство — өндіріс
соцсоревнование — социалистік жарыс	решение — шешім, қаулы
центр — орталық	содержание — мазмұн
вопрос — сұрақ	ответ — жауап
учреждение — мекеме	

§10. -НІКІ, -ДІКІ, -ТІКІ ЖҰРНАҚТАРЫ

(суффиксы -нікі, -дікі, -тікі)

Таблица суффиксов -нікі, -дікі, -тікі

Конечный звук слова	Суффиксы	Примеры
Гласный	**-нікі**	қала-нікі, көше-нікі, бала-нікі, Лена-нікі, осы-нікі, пальто-нікі

Звонкие согл.-ые з, ж или сонорный согл-ый (й, л, р, у, м, н, ң)	-дікі	біз-дікі, Сіз-дікі, Жорж-дікі, үй-дікі, сендер-дікі, аудан-дікі, ауыл-дікі
Глухой согласный или звонкие б, в, г, д	-тікі	мектеп-тікі, завод-тікі, Жомарт-тікі, Иванов-тікі, есік-тікі, клуб-тікі

В казахском языке функция окончаний притяжательной формы часто заменяется суффиксами -нікі, -дікі, -тікі, выражающими также форму принадлежности. В подобных случаях суффиксы принадлежности предметов (-нікі, -дікі, -тікі) непосредственно прибавляются к словам, обозначающим название обладателя предметов, а слова, обозначающие принадлежность предметов кому (чему)-нибудь, при этом ставятся в атау септік (именительный падеж).

Например: Әлия-ның **пальто-сы — пальто** Әлия-нікі.

Слова с суффиксами принадлежности -нікі, -дікі, -тікі в предложении выступают в качестве сказуемого, и поэтому они всегда ставятся в конце предложения. Слова, обозначающие принадлежность предметов кому(чему)-нибудь, в форме атау септік (им. падеж), выступая в качестве подлежащего, занимают препозитивное положение по отношению сказуемого — названия обладателя предмета.

Например: Арман-ның қалам-ы столда жатыр — **Столда жатқан** (та, которая лежит) **қалам** Арман-дікі.

45-жаттығу. Сравните формы передачи принадлежности. Переведите на русский язык.

Менің кітаб-ым	— кітап ме-нікі
Сенің көйлек-ің	— көйлек се-нікі
Біздің пәтер-іміз	— пәтер біз-дікі
Сендердің үйлер-ің	— үй сендер-дікі
Өзінің машина-м	— машина өзім-дікі
Өзімнің шляпа-сы	— шляпа өзі-нікі
Сапардың пальто-сы	— пальто Сапар-дікі
Колхоздың трактор-ы	— трактор колхоз-дікі
Есеттің пәтер-і	— пәтер Есет-тікі
Лenаның қалам-ы	— қалам Лена-нікі
Жомарттың сағат-ы	— сағат Жомарт-тікі

46-жаттығу. Спишите следующие словосочетания. Вместо точек поставьте соответствующие окончания и суффиксы принадлежности.

Ағасының бөлме...	— бөлме ағасы...
Інісінің доп...	— доп інісі...
Жанаттың сырға...	— сырға Жанат...
Әлияның сумка...	— сумка Әлия...
Көршінің сиыр...	— сиыр көрші..
Сіздің бала...	— бала Сіз...

47-жаттығу. Спишите следующие предложения. Вместо точек поставьте соответствующие суффиксы принадлежности -нікі, -дікі, -тікі и переведите на русский язык.

1. Мына портфель сен...ме? 2. Мына бөлме Ажар...ме? 3. Мына ат(лошадь) сендер...ме? 4. Мына көйлек кім...? 5. Мына трактор колхоз...ме? 6. Мына сиыр біз... емес. 7. Мына сағат кім...? 8. Бұл сағат мен... 9. Мына қалам Үсен...ме? 10. Бұл үй Иванов...ме? 11. Мына кітап сен...ме? 12. Жоқ, бұл кітап Лена...?

48-жаттығу. Переведите на казахский язык следующие предложения.

1. Наш дом. 2. Дом — наш. 3. Моя комната маленькая. 4. Маленькая комната — моя. 5. Ферма нашего колхоза. 6. Ферма принадлежит нашему колхозу. 7. Цех нашего завода. 8. Цех принадлежит нашему заводу. 9. Моя тетрадь. 10. Тетрадь — моя. 11. Мяч Армана лежит под столом (столдың астында). 12. Мяч — твой? 13. Черный карандаш твой? 14. Это пальто Ваше? 15. Синяя тетрадь чья? 16. Эти часы чьи? 17. Черный (қара) портфель Ваш?

Тапсырма. Спишите следующие вопросы и ответьте на них письменно.

1. Мынау кімнің потері? (Сәкен). 2. Мына потер кімдікі? (Лавров). 3. Анау (тот) үй кімдікі? (Сейіт). 4. Анау кімнің үйі? (Әбен). 5. Бұл бөлме кімдікі? (Айжан). 6. Бұл кімнің бөлмесі? (Жанат).

§11. ЖАТЫС СЕПТІК

(местный падеж)

Таблица склонения существительных в жатыс септік

Конечный звук основы	Последний слог основы	Окончания
Гласный; звонкие з, ж или сонорный (й, л, р, у, м, н, ң)	Твердый Мягкий	-да -де
Глухой согласный или звонкие б, в, г, д	Твердый Мягкий	-та -те
Окончания III лица притяжательной формы (-сы, -сі; -ы, -і)	Твердый Мягкий	-нда -нде

Слова в жатыс септік указывают на местонахождение предмета и отвечают на вопросы **кімде?** (у кого?), **неде?** (в чем?, на чем?), **қайда?** (где?). Например: менде (у меня), сенде (у тебя), онда (у него), қалада (в городе), столда (на столе) и др.

Слова в жатыс септік указывает также на время и отвечают на вопрос **қашан?** (когда?). Например: жазда (летом), күзде (осенью), түнде (ночью) и др.

49-жаттығу. Просклоняйте следующие слова в жатыс септік.

Жұмыс, дүкен, завод, цех, бөлме, қабат (этаж), қала, көше, аудитория, жатақхана, үйі, көшесі, қаласы, совхоз, жаз, көктем, күз, қыс, курс, өндіріс, Қарағанды, Шымкент, демалыс, курорт, аудан, стол, диван, үсті (верхняя часть), асты (нижняя часть), жаны (возле), қасы(возле), ай, күн, жыл, кітапхана, мен, сен, біз, сендер, Сіз, Сіздер, олар.

Запомните: бұл (этот)— мұнда (здесь), сол (тот)— сонда (там), ол (он, она, оно)— онда (у него, у нее).

50-жаттығу. Вставьте вместо точек окончания жатыс септік и переведите предложения на русский язык.

Жұмысшы жұмыс... . Оқушы мектеп... . Студенттер лекция... . Әжем үй... . Біздің пәтеріміз үшінші қабат... . Су шелек... . Бастық (начальник) кабинет... . Ағам Ленинград..

Бекжасар Армия қатарын... (в рядах Армии). Үсен үй... . Ермахан кино... . Мәдина театр... . Қалмахан ауыл... . Бір ай... отыз (тридцать) күн (день) бар. Сейіт курорт... . Кітап сен... ме? Газет мен... . Сырым демалыс... .

51-жаттығу. Прочитайте вопросы и ответы, вставляя вместо точек окончания жатыс септік.

— Тақта қайда?	— Тақта аудитория...
— Стол қайда?	— Стол бөлме...
— Кітап қайда?	— Кітап стол...
— Қалам кімде?	— Қалам Нартай...
— Қарындаш кімде?	— Қарындаш Гауһар...
— Дәптер қайда?	— Дәптер сумка...
— Ферма қайда?	— Ферма колхоз...
— Доп кімде?	— Доп мен...
— Кітап кімде?	— Кітап Айман..
— Газет қайда?	— Газет стол...
— Газет кімде?	— Газет Арман...

Тапсырма. Вставьте вместо точек соответствующие окончания притяжательной формы и жатыс септік (устно).

1. Менің сенің оның	дос... құрбы... аға... іні... қарындас... сіңлі... апа... жолдас...	Алматы... Жезқазған... Теміртау... Арқалық... Шымкент... Ақтөбе... Семей... Целиноград... Қостанай..	тұрады (живет)
2. Менің сенің оның	көрші...	Завод... цех... шахта... совхоз... өндіріс... мектеп... депо...	істейді (работает)

3. Кітап	столдың	дүкен... астың... жаны... үсті...	жатыр (лежит)

52-жаттығу. Переведите предложения на казахский язык. Запишите их. Подчеркните слова, отвечающие на вопросы қайда? кімде?

1. Айша учится в университете. 2. Жанат работает в школе. 3. Мяч у Саттара. 4. Книга лежит на парте. 5. Пионеры отдохнули в лагере. 6. Нургул работает на фабрике. 7. Айман живет в городе. 8. Ерлан в колхозе. 9. Мадина в театре. 10. Мяч у Саттара. 11. Асан в деканате. 12. Шынар у декана. 13. Отец (мой) на заводе. 14. Манарбек в Алма-Ате. 15. Старший брат (мой) работает в совхозе. 16. Студенты сидят в аудитории. 17. В 14 часов состоится (болады) собрание. 18. Летом студенты работали в совхозе. 19. Там они строили (салды) школу. 20. На диване сидят три человека. 21. Басшевы живут на седьмом этаже.

53-жаттығу. Прочитайте. Найдите слова в ілік септік и жатыс септік. Переведите на русский язык.

1. Сіздің сағатыңыз бар ма? 2. Сағатыңыз қанша болды? 3. Менің інім колхозда жұмыс істейді. 4. Оның інісі заводта жұмыс істейді. 5. Сенің інің қайда жұмыс істейді? 6. Сіздің жолдасыңыз қайда жұмыс істейді? 7. Оның жолдасы — оқытушы. 8. Менің жолдасым-агроном. 9. Біздің пәтеріміз жылы және жарық. 10. Сіздердің пәтерлеріңіз қай көшеде? 11. Ивановтың пәтері нешінші қабатта? 12. Сәниянның кітабы менде. 13. Пәтердің кілті сенде ме? 14. Республикада газеттер мен журналдар қазақ, орыс, ұйғыр, неміс және корей тілдерінде шығады.

Тапсырма. Прочитайте и переведите на русский язык.

САТТАРДЫҢ БӨЛМЕСІ

Саттар Қарағанды қаласында тұрады. Ол тұратын үй Нұркен Әбдіров проспектісінде орналасқан. Саттардың пәтері биік үйдің 7-інші қабатында. Үйде лифт бар. Саттардың пәтері төрт бөлмеден тұрады. Олар: қонақтар бөлмесі, балалар бөлмесі, ұйықтайтын (жататын) бөлме және жұмыс кабинеті. Ас бөлмесі бөлек орналасқан. Бөлмелер кең, жарық. Саттардың өзінің жеке бөлмесі

бар. Онда ол сабаққа дайындалады, демалады, ұйықтайды. Бөлменің оң жағында кітап сөресі тұр. Онда Саттарға керекті кітаптар жиналған. Бөлменің сол жағында іргеге (к основанию, стене) диван қойылған. Терезенің алдында жазу столы мен орындық тұр. Еденде әдемі кілем жатыр. Саттар бөлмесін таза ұстайды, жатар алында желдетіп тұрады. Оған өз бөлмесі ұнайды.

СӨЗДІК

орналасқан — расположен	ас бөлме — кухня
биік — высокий	бөлек — отдельно
тұрады — состоит	жеке — отдельный
ұйықтайтын бөлме — спальня	сабаққа дайындалады — готовит-ся к уроку
демалады — отдыхает	жиналған — собран
керекті — нужный	қойылған — поставлен
желдетіп тұрады — проветривает	алдында — перед
ұнайды — нравится	оған — ему
өз — свой	ұстайды — держит
жазу столы — письм. стол	кілем — ковер
жатар алында — перед сном	еден — пол

§12. ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ

(именное спряжение)

54-жаттығу. Переведите следующие предложения на русский язык. Выпишите слова с личными окончаниями.

Біз — студентпіз. Сен студент емессің. Сен — оқушысың. Сіз — студент емессіз. Сіз — агрономсыз. Сәкен колхозшы емес. Ол — жұмысшы. Мен — үлкенмін. Сен — кішкенесің. Біз — екеуміз, сендер — үшеусіңдер. Олар — бесеу. Біз — төртеуміз.

Таблица личных окончаний именных частей речи

Лицо	Конечный звук слова	Личные окончания	
		Единств. число	Множеств. число

I	Гласный или сонорный (р, й, л, у, м, н, ң	-мын -мін	-мыз (-быз, -біз,, -міз после конечных м, н, ң)
	Звонкие согласные з, ж	-бын -бін	-быз -біз
	Глухой согласный или звонкие б, в, г, д	-пын -пін	-пыз -піз
II	Независимо от конечного звука слова	-сың (-сыз) -сыңдар (-сыздар) -сің (-сіз) сіңдер (-сіздер)	+
III	Не имеет личных окончаний		

55-жаттығу. Переведите вопросы и ответьте на них письменно на казахском языке.

Сіз кімсіз? Сен үлкенсің бе, Володя үлкен бе? Ол инженер ме, мұғалім бе? Сіз стідентсіз бе, оқушысыз ба? Виктор староста ма, сен старостасың ба? Сен колхозшысың ба, жұмысшысың ба? Сіз Лenaның ағасысыз (апасысыз) ба? Сіз Светаның танысысыз ба? Сендер бірінші курстың студенттерісіңдер ме? Сен қазір (сейчас) ауылдасың ба, қаладасың ба? Бүгін сен кезекшісің бе, әлде (или) мен кезекшімін бе? Сіз дәрігерсіз бе? Сен Бекжанның баласысың ба? Сен Сырбайдың інісісің бе? Сіздің жасыңыз нешеде? Сен Нұртайдың қызысың ба? Сен Айсұлудың сіңлісісің бе? Сіз Досанның әкесісіз бе? Рүстем Сіздің досыңыз ба?

§13. АУЫСПАЛЫ ОСЫ ШАҚ

(переходное настоящее время)

Таблица спряжения глаголов в переходном настоящем времени

Конечный звук основы	Последний слог основы	Суффиксы			Лицо	Ед. число	Множ. число
Согласный	Твердый	-а	+	Личные окончания	I	-мын -мін	-мыз -міз
	Мягкий	-е			II	-сың (-сыз) -сің (-сіз)	-сыңдар (-сыздар) -сіңдер (-сіздер)
Гласный	Независимо от мягкости и твердости последнего слога	-й			III	-ды	-ды -ді

Запомните спряжение глаголов в переходном настоящем времени:

Жекеше

ал—а—мын, кел—е—мін — сұра—й—мын, ізде—й—мін
ал—а—сың, кел—е—сің — сұра—й—сың, ізде—й—сің
ал—а—сыз, кел—е—сіз — сұра—й—сыз, ізде—й—сіз
ал—а—ды, кел—е—ді — сұра—и—ды, ізде—й—ді

Көпше

ал—а—мыз, кел—е—міз — сұра—й—мыз, ізде—й—міз

ал—а—сындар, кел—е—сіңдер — сұра—й—сыңдар, ізде—й—сіңдер

ал—а—сыздар, кел—е—сіздер — сұра—й—сыздар, ізде—й—сіздер

ал—а—ды, кел—е—ді — сұра—й—ды, ізде—й—ді

1-тапсырма. Проспрягайте следующие глаголы в переходном настоящем времени.

1. Бар. 2. Жаз. 3. Күт. 4. Жүз. 5. Ойна. 6. Сөйле. 7. Ойла. 8. Биле. 9. Жап. 10. Аш. 11. Сыз. 12. Оқы. 13. Баста. 14. Айт. 15. Қой.

2-тапсырма. Вставьте вместо точек следующие глаголы в соответствующем лице и числе.

а) Сөйлеу (говорить).

Сіз қазақша...? Ие, мен қазақша... . Лена да қазақша... ? Иә, Лена да қазақша... . Әлия мен Шолпан орысша... ? Иә, Әлия мен Шолпан орысша... ?

ә) Оқу (учиться)

Мен 1 курста... Сіз (сен) университетте... (...)? Сіз (сен) нешінші курста... (...)? Сіздің (сенің) досың да...? Ие, ол математика факультетінің кешкі бөлімінде... .

б) Түсіну (понимать)

Сіз қазақша...? Иә, мен қазақша... Сен мына сөзді... ? Сендер қазақша... ? Группаның студенттері қазақша жақсы... ? Иә, олардың бәрі де қазақша жақсы... .

в) тұру (жить)

Мен Қарағандыда... . Сіз қайда... ? Сіз қалада... ? Сен совхозда... ? Сен қай (какой, -ая, -ое) көшеде... ? Сен нешінші пәтерде... ? Ивановтар бесінші қабатта... ? Мен Абай көшесінде... .

3-тапсырма. Переведите на казахский язык.

1. Он много читает. 2. Иванов работает в мастерской. 3. Кузнецов вернется завтра. 4. Колхозники живут в деревне. 5. Сегодня в конторе состоится собрание. 6. Собрание начнется в девять часов. 8. Магазин работает с восьми часов утра до девяти часов вечера. 9. Он работает в совхозе. 10. Я живу в ауле. 11. Самолет летает. 12. Корабль плавает. 13. Трактор пашет землю. 14. Трава растет в степи. 15. Арбуз и дыня растут в огороде.

СӨЗДІК

вернется — қайтады
контора — кеңсе
состоится — болады
вечера — кешкі
растет — өседі
степь — дала
трава — шөп
до — дейін
летает — ұшады
плавает — жүзеді
пашет — жыртады
земля — жер
огород — бақша
дыня — қауын

4-тапсырма. Допишите суффиксы деепричастия и личные окончания глаголов в переходном настоящем времени.

Үлгі. Біз қазақша сөйле-й-міз.

1. Тігінші тік... . 2. Ол совхозда істе... . 3. Жиналыс сағат 3-те бастал... . 4. Мен сағат 7-де тұр... . 5. Ол самолетпен ұш... . 6. Сен қайда тұр... ? 7. Сіз қайда істе... ? 8. Мен Қарағандыда тұр... . 9. Балалар аулада (во дворе) ойна... . 10. Сабақ қашан аяқтал... ? 11. Поезд сағат 9-да кел... . 12. Сен үйге (домой) қашан қайт... ? 13. Мен қазір кел... . 14. Сен қашан кел... ? 15. Сендер қайда бар... ? 16. Сен не ал... ? 17. Ол нені ал... ? 18. Мен жұмыстан сағат 16-да қайт... . 19. Бүгін мен кеш қайт... . 20. Біз жұмысқа ерте бар... . 21. Сен қай бөлмеде тұр... ? 22. Сен бүгін жиналысқа кел...бе? 23. Сен кешке үйде бол... ба? 24. Біз бүгін паркке бар... . 25. Мен аға мастер болып істе... . 26. Жанат экономист болып істе... . 27. Сен кім болып істе... ?

§14. ЕТІСТІКТІҢ БОЛЫМСЫЗ ТҮРІ

(отрицательная форма глагола)

Таблица образования отрицательной формы глагола.

Конечный звук основы	Последний слог основы	Суффиксы
Гласный или сонорные й, л, р, у	Твердый Мягкий	-ма -ме
Звонкий согласный или сонорные м, н, ң	Твердый Мягкий	-ба -бе
Глухой согласный	Твердый Мягкий	-па -пе

56-жаттығу. Напишите следующие глаголы в отрицательной форме.

Сөйле. Ойна. Ойла. Кел. Бар. Айт. Істе. Оқы. Төк. Жаз. Шақыр. Отыр. Көн. Аш. Қон. Тоқ. Сой. Қой. Сат. Ат. Үг. Кет. Күл. Жат. Секір. Жап. Тік. Іш. Же. Жүгір. Күт. Сыз. Қайт. Ал. Бер. Жу.

Таблица спряжения отрицательной формы глаголов в переходном настоящем времени.

			Личные окончания	
Глагол в отрицательной форме	Суффикс деепричастия	Лицо	Един. число	Множ. лицо
бар -ма кел -ме		1.	-мын -мін	-мыз -міз
жаз -ба жүз -бе	-й	2.	-сың (сыз) -сің (сіз)	-сыңдар (сыздар) -сіңдер (сіздер)
айт -па кет -пе		3.	-ды -ді)	-ды -ді

57-жаттығу. Напишите следующие глаголы переходного настоящего времени в отрицательной форме.

Үлгі: істейді — істе-ме-й-ді (работает — не работает).

Келеді. Ойнайды. Сөйлейді. Жүреді. Келемін. Барамын. Барасың. Жазады. Жазасың. Кетесің. Айтады. Ойлайды. Сөйлеймін. Ойнаймын. Шақырасың. Қонады. Көнеді.

Тапсырма. Прочитайте и переведите на русский язык. Выпишите глаголы в отрицательной форме.

1. Ол көп оқиды. 2. Иванов мастерскойда істейді. 3. Сергеев ертең келеді. 4. Бүгін кеңседе (контора) жиналыс болады. 5. Жиналыс сағат үште басталады. 7. Дүкен таңертеңгі сағат сегізде ашылады. 8. Дүкен кешкі сағат сегізге дейін істейді. 9. Ол совхозда жұмыс істейді. 10. Айша қалада тұрады. 11. Сәуле жатақханада тұрады. 12. Досан математика факультетінің бірінші курсында оқиды.

13. Айдос кешкі сменада істейді. 14. Қыста күн қысқарады, түн ұзарады. 15. Самолет сағат таңертеңгі алтыда ұшады. 16. Поезд Алматыға сағат күндізгі екіде жүреді. 17. Ол досына жиі (часто) хат жазады. 18. Лена қазақша жақсы сөйлейді. 19. Света қазақша біледі. 20. Володя қазақша жақсы түсінеді. 21. Дүкен сағат кешкі сегізде жабылады.

СӨЗДІК

ертең — завтра
бүгін — сегодня
болады — будет
басталады — начинается
жабылады — закрывается
күн — день
кешкі — вечерний; вечера
таңертеңгі — утренний; утра
жүреді — ходит; отходит
ұзарады — удлиняется
қысқарады — сокращается
түн — ночь

§15. ӨТКЕН ШАҚ

(прошедшее время)

Таблица образования формы прошедшего времени

Конечный звук основы	Последний слог основы	Суффиксы прошедшего времени	Примеры
Гласный, звонкий з или сонорный согл. (й, л, р, у, м, н, ң)	Твердый	-ды	оқы-ды, жаз-ды
	Мягкий	-ді	сөйле-ді, кел-ді
Глухой согласный	Твердый	-ты	айт-ты, аш-ты
	Мягкий	-ті	кет-ті, сөйлес-ті

58-жаттығу. Образуйте форму прошедшего времени.

1. Жаз. 2. Оқы. 3. Сөйле. 4. Істе. 5. Көр. 6. Шақыр. 7. Ойна. 8. Бол. 9. Аш. 10. Қайт. 11. Іш. 12. Же. 13. Көр. 14. Ал. 15. Бер. 16. Тыңда. 17. Жүгір. 18. Күт. 19. Сыз. 20. Тік. 21. Жап. 22. Жат. 23. Күл. 24. Қон. 25. Қой. 26. Отыр. 27. Біл. 28. Кел. 29. Айт. 30. Бар. 31. Жу.

Форма, образуемая суффиксами -ды, -ді, -ты, -ті

Лицо	Окончания	
	Единственное лицо	Множественное лицо
I	-м	-қ -к
II	-ң -ңыз -ңіз	-ң—дар -ң—дер -ңыз—дер -ңіз—дер
III	не имеет личных окончаний	

Запомните спряжение глаголов в прошедшем времени

	Един. число	Множ. число
I	айт — ты — м кет — ті — м бар — ды — м кел — ді — м	айт — ты — қ кет — ті — к бар — ды — қ кел — ді — к
II	айт — ты — ң кет — ті — ң бар — ды — ң кел — ді — ң	айт — ты — ң — дар кет — ті — ң — дер бар — ды — ң — дар кел — ді — ң — дер
	айт — ты — ңыз кет — ті — ңіз бар — ды — ңыз кел — ді — ңіз	айт — ты — ңыз — дар кет — ті — ңіз — дер бар — ды — ңыз — дар кел — ді — ңіз — дер
III	айт — ты — кет — ті — бар — ды — кел — ді —	айт — ты — кет — ті — бар — ды — кел — ді —

1-тапсырма. Спишите предложения, добавляя личные окончания глаголов прошедшего времени. Переведите на русский язык. Сравните окончания.

Мен	айт... іш... бар... кел... жаз...	Біз	айт... іш... бар... кел... жаз...
Сен Сіз		Сендер Сіздер	
Ол	оқы... көр... орында... же...	Олар	оқы... көр... орында... же...

2-тапсырма. Спишите предложения, вставляя вместо точек личные окончания глаголов прошедшего времени.

I.

1. Сен сағат қаншада тұр... ? 2. Сен бүгінгі (сегодняшний) газетті оқы... ба? 3. Сен оған не айт... ? 4. Совхоз мемлекетке көп астық тапсыр... 5. Самолет қон... . 6. Поезд тоқта... . 7. Совхоз жоспарды орында... . 8. Мен демалысқа шық... . 9. Жандосов Алматыға кет... . 10. Мен совхоздан (из совхоза) кеше кел... .

II

1. Біздің колхоз жол сал... . 2. Біз жолда істе... . 3. Мен онда отыз бес күн істе... . 4. Мен төртінші бригадада бол... . 5. Біздің бригада жұмысты жақсы істе... . 6. Мен норманы артық орында... . 7. Біз қырық (40) километр жол сал... . 8. Біз кеше қайт... . 9. Біз жолда бір ай бол... . 10. Біздер космонавпен әңгімелес... .

III

1. Біз стадионға бар... . 2. Олар кітап оқы... . 3. Мен терезені аш... . 4. Біз сурет сал... . 5. Сен университетке қашан түс... . 6. Сендер кімге хат жаз... ? 7. Ол шахмат ойна... . 8. Олар лекция тыңда... . 9. Сен неге қатты күл... . 10. Біз бүгін жұмыстан кеш қайт... . 11. Сен бүгін сағат нешеде тұр... ? 12. Қар ері... . 13. Көктем шық... . 14. Мен тақтаға жаз... . 15. Ол сұра... . 16. Мен жауап бар... . 17. Жиналыс аяқтал... . 18. Қоңырау соғыл... . 19. Сабақ басштал... .

IV. Переведите на казахский язык.

Он написал письмо. Я все (бәрін) понял (-а). Отец приехал вчера. Я был на работе. Они приехали сегодня. Я купил два литра молока. Мы читали газету. Они работали хорошо. Мы ездили на завод. Магазин открыли в 10 часов. Они были на фабрике. Вы читали газету? Ты купил хлеб? Вы сегодня ходили в магазин? Ты был в библиотеке? Ты был вчера на собрании? Ваша бригада работала хорошо. Петров вернулся вчера.

V. Прочитайте и переведите текст

МӘНШҮК

Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметова — менің сүйікті шәкіртім. Мәншүкті екінші кластан бастап оқыттым. Онда Мәншүк орыс тілін білмейтін. Ол орыс тілін өте қызығып үйренді. Аз уақыттың ішінде орыс тілін үйреніп, сабақты өте жақсы деген бағамен аяқтады (З. Байғұлова).

СӨЗДІК

сүйікті	— любимый
шәкіртім	— ученица (моя)
өте қызығып	— с большим интересом, с любовью
аз уақыттың ішінде	— в короткий срок
оқыттым	— учил (-а)
бастап	— начиная
білмейтін	— не знала

§16. БАРЫС СЕПТІК

(направительный падеж)

Таблица окончаний существительных в барыс септік

Конечный звук слова	Последний слог слова	Окончания
Звонкие з, ж или сонорный согласный (й, л, р, у, м, н, ң)	Твердый Мягкий	-ға -ге
Глухой согласный или звонкие б, в, г, д	Твердый Мягкий	-қа -ке
Окончания I или II лица прит. формы (-м, -ым, -ім; -ң, -ың, -ің)	Твердый Мягкий	-а -е
Окончания III лица притяжат. формы (-сы, -сі; -ы, -і)	Твердый Мягкий	-на -не

59-жаттығу. Просклоняйте следующие слова в барыс септік.

Жұмыс, мекеме, завод, дүкен, мемлекет, совхоз, театр, көше, қала, ағасы, інісі, апам (моя сестра), аудан, облыс, жиналыс, қолы, аяғы, әкесі, ағам, інің, жолдасы, группа, тақта, терезе, еден, коридор, деканат, әжем (моя бабушка), нан, үй, үйі, үйім, үйін, сабақ, қоғам, қызмет, қызы, қызым, орман, заң, біз, Сіз, ұлты, мұз, ұстаз, ұстазым, үйымы, өмір, өндіріс, көшесі.

Запомните: мен — маған (мне), сен — саған (тебе), ол — оған (ему, ей).

60-жаттығу. Вставьте вместо точек соответствующие окончания барыс септік. Переведите на русский язык.

I

1. Жамбыл көшесі... . 2. Нұра ауданы... . 3. Қарағанды қаласы... . 4. Шымкент облысы... . 6. Партия жиналысы... . 6. Социалистік қоғам... . 7. Қызмет... орналасты. 8. Совет Одағы... . 9. Совет мемлекеті... . 10. Кітап дүкені... . 11. Нан дүкені... . 12. үмір... жолдама.

II

1. Совхоз... бардым. 2. Университет... бардым. 3. Теміртау... бардым. 4. Балқаш... бардым. 5. Біз... газет әкелді. 6. Мен дүкен... бардым. 7. Мен жолдасым... телеграмма жібердім. 8. Біз сағат 8-де вокзал... келдік. 9. Сабақ... декан кірді. 10. Лена тақта... шықты. 11. Мен сабақ... дайындалдым. 12. Ол алтыншы вагон... мінді. 13. Мен қарындасы... көйлек сатып алдым.

СӨЗДІК

қоғам — общество
орналасты — устроился
жолдама — путевка
мінді — сел (-а)
мемлекет — государство
қызмет — служба
жібердім — отправил
шықты — вышел (-а)
дайындалдым — готовился
әкелді — принесли

61-жаттығу. Прочитайте текст и переведите на русский язык. Выпишите слова, отвечающие на вопросы қайда? — куда?, кімге? — кому?, неге? — чему?

БІЗ ЖАЗДА ЭКСКУРСИЯҒА БАРДЫҚ

Біз жазда сегіз студент экскурсияға бардық. Екінші августа поезға отырдық. Алтыншы августа кешке біз Москваға келдік. Содан метромен мейманханаға бардық. Москвада он күн болдық. Біз онда Кремльге бардық. Кремльде тарихи орындарды көрдік. Ауыл шаруашылық көрмесіне бардық. Онда Қазақстан павильонына, үзбекстан павильонына тағы басқа павильондарға барып көрдік. Демалыс күні Москва университетіне барып, араладық. Кешке Үлкен театрға бардық, опера тыңдадық. Он екінші августа үлкен паркке бардық. Сонан соң зоопаркке бардық. Он жетінші августа Ленинградқа келдік. Онда бес күн болдық. Мен Ленинградта универмагқа бардым. Мен бір автоқалам сатып алдым. Автоқаламға 2 сом төледім. Бірінші сентябрьде біз үйге келдік. Жазғы каникул жақсы өтті.

(И. Мамановтан).

СӨЗДІК

тарихи — исторический	көрдік — мы смотрели; мы видели
ауыл шаруашылық — сельскохозяйственный	сонан соң — потом, после этого, затем
автоқалам — авторучка	сыйлық — подарок
мейманхана — гостиница	демалыс күні — в выходной день
тыңдадық — слушали	төледім — заплатил

62-жаттығу. Прочитайте. Найдите слова в барыс септік.

— Сіз кітапты кімге бердіңіз?

— Мен кітапты Александровқа бердім.

— Александров қайда кетті?

— Ол үйге кетті.

— Сіз кітапты Ивановаға неге бермедіңіз?

— Иванова жоқ болды.

— Ол қайда кетіпті?

— Ол кітапханаға кетіпті.

II

Мен Бірінші май мейрамы қарсаңында Павлодарға командировкаға кеттім. Онда мейрамға колхоздардан көп адам жиналды. Мен де басқалармен бірге көшеге шықтым. Демонстрациядан кейін паркке бардық. Кешке театрға бардық. Мерекені жақсы өткіздік. 3 Май күні жұмысқа шықтық. (С. Жиенбаев, Г. Бегалиев, И. Үйықбаев).

СӨЗДІК

неге?	— почему?	басқалармен бірге	— вместе с другими
мейрам, мереке	— праздник	шықтым	— вышел (я)
қарсаңында	— накануне	өткіздік	— провели (мы)
жиналды	— собрались	бердім	— отдал (а)

63-жаттығу. Спишите предложения, вставив вместо точек соответствующие окончания направительно-дательного падежа.

1. Назым мектеп... бара жатыр? 2. Біз жұмыс... бара жатырмыз. 3. Жамал кино... кетті. 4. Жібек кітабын Айша... берді. 5. Әжесі баласы... көп ойыншық сатып алды. 6. Алтай автобус... мінді. 7. Нартай дүкен... кетті. 8. Ағам жұмыс... кетті. 9. Пионерлер лагерь... кетті. 10. Біз кеше цирк... бардық. 11. Сен кеше жиналыс... неге келмедің? 12. Сен жұмыс... неге кешіктің? 13. Студенттер аудитория... кірді. 14. Мен досым... хат жаздым. 15. Мен самолет... билет алдым. 16. Шыңғыс концерт... 2 билет алды.

СӨЗДІК

бара жатыр — идет
кетті — пошел
неге келмедің — почему не пришел?
неге кешіктің — почему опоздал?

§17. ПОСЛЕЛОГИ ДЕЙІН (ШЕЙІН), ҚАРАЙ, БОЛА

Грамматика

Послелоги **дейін (шейін), қарай, бола** управляют направительно-дательным падежом.

1. Послелог д е й і н (шейін) обозначает предел во времени или пространстве и соответствует русскому предлогу **до**.

Примеры: үйге **дейін** — **до** дому, күзге **шейін** — **до** осени, Алматыға **дейін** — **до** Алма-Аты и т. п.

2. Послелог **қарай** обозначает направление и соответствует русскому словосочетанию **по направлению, в сторону**.

Примеры: Ораз үйге **қарай** кетті — Ораз **направился** домой.

3. Послелог б о л а соответствует русскому предлогу **из-за, ради**.

Примеры: Мен кітапқа **бола** келдім — я пришел **из-за** книги. Қағазға **бола** өкпелеме — **из-за** бумаги не обижайся. Үсенге **бола** келмей қалып жүрме — не вздумай не прийти **из-за** Усена и т. п. (И. Мамановтан)

64-жаттығу. Переведите текст на русский язык. Обратите внимание на управление послелогов.

1-ТРАМВАЙДЫҢ МАРШРУТЫ

Бірінші трамвай Ташкент көшесімен Карл Маркс көшесіне дейін жүреді, сонан соң трамвай Пастер көшесіне дейін келеді. Одан соң бұл трамвай тауға қарай жүріп, Комсомол көшесімен Тастаққа қарай жүріп, Руднев көшесіне дейін барады.

Мен демалыс күні «Бірінші линия» көшесіне дейін трамваймен келіп, содан институтқа дейін жаяу келдім. Институтта кешке дейін лекция тыңдадым. Маған қалам керек. Бүгін қаламға бола дүкенге барамын. Дүкенге дейін жаяу барамын...

(И. Мамановтан)

СӨЗДІК

тауға қарай	— в сторону гор, по направлению гор	қаламға бола	— из-за ручки
одан соң	— после того	содан	— оттуда
		жаяу	— пешком

§18. ШЫҒЫС СЕПТІК

(исходный падеж)

Таблица окончаний существительных в шығыс септік

Конечный звук основы	Последний слог основы	Окончания
Сонорные н, ң, м	Твердый Мягкий	-нан -нен
Гласные, звонкие з, ж или сонорные р, й, л, у	Твердый Мягкий	-дан -ден
Глухие согласные или звонкие б, в, г, д	Твердый Мягкий	-тан -тен

65-жаттығу. Просклоняйте следующие слова в шығыс септік.

Қала, көше, жұмыс, сабақ, ауыл, мектеп, үй, совхоз, ферма, жолдасым, мен, сен, ол, біз, вагон, дүкен, театр, кітап, өмір, өндіріс, жиналыс, аудан, институт, Алматы, Семей, завод, облыс, Москва, орталық (центр), су, автобус, поезд, машина, самолет, ағаш, темір, шыны.

66-жаттығу. Выпишите, ставя вместо точек соответствующие окончания шығыс септік.

— Алмас, сен кім... хат алдың?

— Мен Исатай... хат алдым.

— Берік... хабар бар ма?

— Иә, мен ол... кеше хат алдым.

— Ардақ, сен қағазды қай... алдың?

— Мен қағазды дүкен... алдым.

— Сіз мына кітапты дүкен... сатып алдыңыз ба?

— Жоқ, мен бұл кітапты кітапхана... алдым.

— Кеше Сіз қайдан келдіңіз?

— Мен кеше совхоз... келдім.

— Айна қайдан келді?

— Айна мектеп... келді.

— Айдар сен... үлкен бе?

— Жоқ, ол мен... кіші.

— Сен Айдардан қанша жас үлкенсің?

— Мен ол... 3 жас үлкенмін.

67-жаттығу. Вставьте вместо точек соответствующие окончания шығыс септік и переведите.

1. Есет жұмыс... келді. 2. Назар мектеп... келді ме? 3. Ағаң... хат алдың ба? 4. Қала... келген кім? 5. Дүкен... не алдың? 6. Жиналыс... сағат қаншада қайттың? 7. Ауыл... хабар алдың ба? 8. Вокзал... кім күтіп алды? 9. Бүгін радио... жақсы концерт береді. 10. Стакан шыны... дап жасалады. 11. Компотты алма... жасайды. 12. «Адам...» үлкен ат жоқ, нан... үлкен ас жоқ (мақал). 13. Дәріні өсімдік... жасайды. 14. Нанды ұн... пісіреді. 15. Оқушылар клас... шықты. 16. Аида мектеп... келді. 17. Гүлшат пен Сәкен балабақша... келді. 18. Терезе... жел соқты (подул). 19. Олар

сабақ... шықты. 20. Ит... қорықпа, қаппайды. **21.** Сені (тебя) дауысың... таныдым. **22.** Тоғыз қабатты үй алыс... көрінеді. 23. Ол жүгіру... бірінші орын, секіру..., жүзу... екінші орын алды (занял).

68-жаттығу. Переведите на казахский язык следующие пословицы. Выпишите слова в шығыс септік.

Отан — оттан да ыстық.
Шегірткеден қорыққан егін екпейді
«Адамнан» үлкен ат жоқ.
Наннан үлкен ас жоқ.
Сөз сүйектен өтеді,

Таяқ еттен өтеді.
Елінен безген кісі оңбас,
Көлінен безген құс оңбас.

СӨЗДІК

от — огонь
шегіртке — стрекоза
қорқу — бояться
ат — имя
өтеді — проходит
сүйек — кость
таяқ — палка
ел — Родина; родная земля
безу — отрекаться
оңбас — не везет

§19. ПОСЛЕЛОГИ СОҢ (КЕЙІН), БАСҚА

Грамматика

Послелоги **соң (кейін) и басқа** управляют исходным падежом. Послелог **соң (кейін)** соответствует русскому предлогу **после**. Примеры: лекциядан **соң** — **после** лекции. Ивановтан **кейін** — после Иванова, сағат бестен **соң** — **после** пяти часов.

Послелог **басқа** по своему значению соответствует русскому предлогу **кроме, за исключением**.

Примеры: кітаптан **басқа** — **кроме** книги, Наташадан **басқа** — **кроме** Наташи, наннан **басқа** — **кроме хлеба и т. п.**

(И. Мамановтан)

69-жаттығу. Напишите следующие слова с послелогами. Переведите. Сравните порядок слов.

1. ... соң (кейін)

Сабақ, жиналыс, түскі тамақ, түс, кино, жұмыс, лекция, мен, Жанат, ол, сен.

2. ... басқа.

Жұмыс, оқу, кітап, ет, нан, сүт, көйлек, Лена, мен, сен, ағам, газет, ол.

70-жаттығу. Вместо точек поставьте окончания исходного падежа и переведите на русский язык.

